

Выступления 19-го июня. Парламент.

Қазақстан өзінің театр өнерін дамытуда тәуелсіздік алғаннан кейінгі 20 жылға жуық аралықта біраз шаруалар тындырды. Басқа елдер барынан айрылып, өнер ордаларын жауып жатқанда, Елбасымыздың өзінің жеке қамқорлығымен, тікелей қатысуымен кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа 10 астам театрлар ашылып халыққа қызмет көрсете бастады. Бұл салада жасалынып жатқан іргелі істерге, елеулі жетістіктерімізге көңіл маркая отырып мәдениетіміз бен өнерімізде соның ішінде рухани өміріміздің ажырамас серігіне, қоғамдық-әлеуметтік өміріміздің айнасына айналған – театр өнерін өркендетуде әлі де болса қиюы келмей жатқан тұстарды терең ашып қарайтын кез келген секілді. Қайта құру, кеңестік мемлекеттер құрылымының ыдырауы, өтпелі кезең қиындықтарымен, тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы финанстық дағдарыстарға қосарлана бұрынғы мәдени байланыстары үзіліп, әбден қан-сөлінен ажырай бастаған театр өнері қазір жаңаша қарқынмен дами бастады. Жұмыс жасау негізі репертуарлық театр болып қалыптасқан Қазақстан театрларының бүгінгі жеткен белесін, бағындырған көркемдік деңгейін сақтап қалу қажеттігі күн тәртібінен түскен жоқ. Оның зымыраған уақыт тынысын сезетін, замана тыныс-тіршілігімен қатар соғар жүрек дүрсілін айқындайтындай толыққанды жұмыс жасауына жағдай жасау, қоғам өміріндегі орнын құқықтық тұрғыдан қайта қарауды, заң шығару және атқарушы билік мекемелерімен қайшылыққа түспей керісінше, түсіністікпен, шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік беретіндей етіп реттеу қажеттігі бүгінгі күніміздің басты мәселесі. Осы аралықта жіберіп алған алтын уақыт, еркін шығармашылық кеңістікке жіберіліп, бет-бетімен кеткен театр өнерінің тамыр соғысын, тірлік-тынысын, оның рухани-идеологиялық ұстанымдары мен бағыт-бағдарын тұтастай қайта қарайтын кез келді. Егемен еліміздің жаңа даму белесінде өнер мекемелерінің алдына қойып отырған Елбасымыздың соны талаптары үрдісінен шығу үшін театр шығармашылдығын ұйымдастыруды, басқаруды, құрылымдық деңгейде түбегейлі қарастыруды қажет етеді.

Қазақстан театрларының әлеуметтік және шығармашылық жағдайы әлемдік өре биіктігі тұсынан келгенде сын көтермес жағдайдан да төмен. Мәдениет министрлігінің құзырында бүкіл республика бойынша концерттік мекемелерді, филармонияларды, ансамбльдерді, 3 ұлттық (кәріс, неміс, ұйғыр) театрларды қосқанда бар-жоғы 9-ақ ұжым бар. Ал, Қазақстанда тек қана театрлар саны 51-ден асады. Олардың 3-еуі опера-балет, 16-сы орыс, 9-ы

куыршақ, жоғарыда көрсеткеніміздей, Сайрамдағы өзбек театрын қосқанда, 4-еуі өзге ұлттық. Басқалай толық санын ашып айтпай отырғандағы уәжіміз Өскемен, мен Ақтөбеде орыс және қазақ труппасы бір театр, яғни ресми бір мекеме болып саналады. Сол сияқты біраз облыстарда негізгі құрамға қосақталған куыршақ труппалары да бар. Осылардың бәрінің де сұрқай деңгейдегі өмірі мен өнерінің тағдыры, өте аз мөлшерде бөлінетін қаражат көзі облыстық әкімшілікке телінген. Театр қызметкерлерінің жалақылық қоры – орташа өмір сүру минимумынан әлдеқайда аз, сондықтан олар қайыршылық күй кешуде, ал кейбірінің шығармашылық деңгейлері, күлбілтелемей, жасырмай шынайы қатты айтқанда, көрген кісіні ұялтып төмен қаратады, бұл мәселелер тіптен назардан тыс қалуда, айналысып жатқан ешкім жоқ. Театрдың, әсіресе оның зәулім ғимаратының, қайсыбір режиссері немесе актерының облыстық әкімшілікке тек өздерінің жиылыстары мен мәдени шараларын өткізу үшін ғана қажеттілігі бар. Шығармашылық ұжымның репертуарында қандай пьесалар, қалай қойылып, оны қай актер қалай орындап жүр, мұнымен олардың шаруасы болмайды және ол мәселені айқындап, саралап бере алатын облыстық мәдениет департаментінде кәсіби мамандар ешқашан болған емес. Әйтеуір бір қуаныштысы, Қазақстанда бірде-бір театр жабылған жоқ, қайта оншақты жаңа өнер ошағы шаңырақ көтерді, бір-бірімен жарыса салынған немесе күрделі жөнделген 38 театр ғимараттары әрине көз қуантады, оның ішінде Қарағанды қаласында Н.З.Нығматуллиннің әкімшілігі кезінде ерекше дизайнды, ең көрнекті алаңға асқан ықтияттылықпен С.Сейфуллин атындағы қазақ театры үшін жаңадан ғимарат салынды. Сондай-ақ Қостанай қаласында әкім С.Кулагиннің тегеурінді қажырының арқасында осы жылдың қаңтарында І.Омаров атындағы қазақ театрына су жаңа ғимараттың кілті табыс етілді. Алайда Елбасымыздың ізгі ниетімен атқарылып жатқан ол игі істер мен шынайы қамқорлықтар қазақстандық театрлардың ішкі шығармашылық арзан өміріне, өкінішке орай кері пропорционалды. Уәжіміз нақты болуы үшін құжаттық ақпарларға жүгінейік.

Қазақстандағы 51 театрдың 7-інде өзінің жеке ғимараты жоқ, олар Семейдегі Ф.Достоевский атындағы орыс, Шымкенттегі орыс, Астанадағы жас көрермендер, Көкшетаудағы орыс, Тараздағы орыс, Ақтөбе мен Шымкенттегі әзіл-сықақ театрлары. 4 театрда әлі күнге жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, олар Шымкенттегі куыршақ, Арқалық қаласындағы қазақ жасөспірімдер және Ақтаудағы Н.Жантөрин атындағы театрларда. Алматыдағы Республикалық неміс театрының жөндеу жұмыстары жоспарсыз ұзақ жүргізіліп жатқанынан актерлары әр есікке бас сұғып, әлекке түсіп жүр.

Бүгінгі күні 22 театр пәтерге мұқтаж, 21 театр мемлекет тарапынан үй немесе ипотекалық баспана алуға қаржылай көмек алған. Алайда баспанасыз жүрген қызметкерлердің саны өте көп. Таратып айтпай-ақ, бір ғана К.Байсейітова атындағы опера-балет театрында 100-ге тарта артист, Ақтөбеде 25 артист, Шымкенттегі опера-балет театрында 22, Өскемендегі Жамбыл атындағы театрда 21 артист, Алматыдағы Н.Сац театрында 17 артист, Қ.Қожамяров атындағы ұйғыр театрында 16 артист, Көкшетаудағы Ш.Құсайынов атындағы театрда 15, орыс театрында 8 артист баспанасыз жүргені көңілге кірбің ұялатады. Ақтөбедегі «Екі езу», «Алақай», Атыраудағы Махамбет атындағы, Оралдағы А.Островский атындағы, Шымкенттегі орыс, әзіл-сықақ, қуыршақ және Ж.Шанин атындағы қазақ, Тараздағы орыс және қазақ, Жетісайдағы Қ.Жандарбеков атындағы, Арқалықтағы қазақ жас өспірімдер, Қостанайдағы орыс, Петропавлдағы қуыршақ, Павлодардағы А.Чехов атындағы орыс, Семейдегі Абай атындағы қазақ, Қарағандыдағы академиялық муз-комедия театрлары көпжылдар бойы ешқандай да пәтермен қамтамасыз етілмеген.

Жоғарыда айтылғандардың тікелей әсерінен аймақтардағы театрларда кәсіби маман тапшылығы ушығып тұрғаны жасырын емес. Бәрінде дерлік, өрелі режиссер, талантты актерлар, басқалай кәсіби мамандар жеткіліксіз, жоқтың қасы десе де болады, өйткені жоғарғы оқу орнын бітіргендер ол жаққа ат ізін салмайды, бәрі Алматы мен Астананың теледидар, радио, киностудияларын төңіректеп, той-томалақтарын жағалап жүр. Себеп көп, ол - өте төмен жалақы, нақты мысалдар келтірер болсақ, Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе театрында актер 27.300, Махамбет атындағы Атырау театрында 30.000, Шымкенттегі опера-балет театрында 32.000, Сайрамдағы өзбек театрында 25.000, Түркістан театрында 34.800, Шымкенттегі қуыршақ театрында 29.000, Тараздағы қазақ театрында 31.700, Көкшетаудағы Ш.Құсайынов атындағы театрда 24.000, Қостанайдағы І.Омаров атындағы қазақ театрында актер 33.366; режиссер 35.938, Арқалықтағы қазақ жасөспірімдер театрында орташа білімді актер 24.095, жоғары білімдісі 35.938; режиссер 44.923; Астана қаласы, Қ.Қуанышбаев атындағы театрда актер 34.400, режиссер 35.500, Астана қалалық жас көрермендер театрында актер 35.000, режиссер жалғыз Н.Жақыпбаев 60.000; Семей қаласы Абай атындағы театрда 32.000, Өскемендегі Жамбыл атындағы театрда 38.560 теңге жалақы алады. Ең жоғарғы жалақылық көрсеткіш М.Әуезов театры мен Абай атындағы және К.Байсейітова атындағы опера-балет театрларында ғана, онда да М.Әуезов театрында базалық мамандық оклады (базовый должностной оклад) 17.697 теңге, оған 2.64 есе (коэффициент для исчисления должн. окладов) мамандық окладқа арнайы 1,72 есе өсім (министрліктің үш

театрға арнайы қосқан повышающий коэффициенті) қосылғанда ең жоғарғы еңбекақы **80.358**; оған жоғарғы категориясы үшін **8849** теңге көбейіп, барлығы **89.206** теңге төленеді. Салыстырмалық мақсатында, Ресейдің мемлекеттік театрларындағы жас актерлардың айлық жалақысы **2000 АҚШ доллары** төңірегінде екенін сөз арасында айта кеткеніміз артық болмас. Біздің министрлік пен театр басшыларының БАҚ беттерінде көрсетіп жүрген **120.000-130.000** теңгесі ұжым басшысының сол сомаға театрдың жеке қоры тарапынан қосатын **50 пайызымен** бірге санағандағы мөлшері. Ал, ҚР халық артисі сияқты құрметті атағы бар артиске ай сайын бар болғаны **1700** теңге ғана қосылады, ал сол атағы жер жарған халық артисінің зейнеткерлікке шыққандағы пенсия мөлшері тіпті ұят, бар болғаны **39.000** теңге тағайындалады екен. Зейнеткерлікке 45 жасында шыққан полиция капитаны, естуімізше, **120.000** теңгені қанағат тұтатын болып шықты. Ал, 75 жастағы өнердің «генералы» Асанәлі Әшімов, ол «құрметтің» тізімінде жоқ.

Облыстық театрлардың актер-режиссерларының ортақ мұңдары бар, ол – республика бойынша мәдени ортадан, назардан тыс қалу, ол – құзырлы мекеме – ҚР Мәдениет министрлігінің тікелей назарында болмай, өз елінде ғана оқшауланып, жетімдік күй кешу, ол – аулақта болса да жанкештілікпен жасаған көркем туындыларының, талантты актердың өрелі ойынының, режиссердың өресі өзге қойылымының, қалыбы мен пошымы бөлек театр суретшілерінің азапты еңбегінің көзге ілінбей, тіпті ұмыт қалып перифериялық санатта болатынын сезіну.

Кеңестік идеологияның үрдісімен келе жатқан театрларды басқару жүйесі, яғни Көркемдік жетекші, Бас режиссер деген қызмет-лауазымдардың, әлдеқашан уақыты өткен. Бұлар, жанашырлықпен тереңірек ойлағанда, шығармашылық ұжымның шынайы өнер жасауына үлкен кедергі келтіреді. Дәлеліміз – көп жылғы шығармашылдық тәжірибемізден түйілген, ол – төмендегідей: Әдетте, бұл лауазымдарға режиссерлар тағайындалады да, театрдағы эстетикалық, репертуарлық, ерікті актерлық ойын мен құлашты режиссураның дамуына адуынды тосқауыл қойылады, түптеп келгенде бүкіл бір театр сол режиссер-бастықтың жеке амбициясы мен әлжуаз өре-қарымының құрбаны болып қала береді. Себебі, олар тек өз қалауы бойынша репертуар таңдайды, азды-көпті парасаты мен білім парасына сай арзан, белсіз тақырыптарды арқау еткен пьеса авторларымен жұмыс жасап, өздеріне ұнаған актерларға ғана рольдер мен атақтар «бұйырып», талап-талғамы мен шығармашылдық мүмкіндіктері әрқалай өнер иелерін әділетті басқаруға қолдары қысқалық етеді. Ұжымдағы өзінен кейінгі және бағынышты кезекші режиссерға репертуар таңдау, еркімен роль бөлу, болашақ қойылымның

калып-деңгейі мен өзіндік ерекше шешіммен емін жұмыс істеуіне мейлінше құлықсыз болғандықтан да барынша аяқтарына тұсау болып бағады. Бастықтың өзі режиссер-қоюшы болғандықтан, қандай да бір тәуірлеу режиссерлік жұмыстың өзінен асып кетпеуіне бар «күшін» салады. Тіпті «көз қылып» сырттан режиссер шақырса да өзінен төмен суреткерді таңдайтыны аян. Рольдер де бастықтың төңірегіне жандайшаптанып жиналған онша жүйрік емес актерларға тиеді. Осыдан барып, орташа спектакльдер, қызықсыз рольдер пайда болады. Құрамдағы бас режиссерға немесе көркемдік жетекшіге бағынышты режиссердің суреткерлік еркіндігі аяқасты болып, хұқығына қол сұғылу бүгіндері барлық театрларда әдетке айналып кеткен. Бәрімізге белгілі, баспасөз беттерінде де министрліктің коридорларында гу-гу әңгіме болған, кейбір театрлардағы айтыс-тартыстардың төркіні осы басқару тәсілінің ескіргендігінен болып отырғанын мойындауымыз керек. Мысалы Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ театрындағы шығармашылдық ұжымның 90 пайызы, осы театрға 20 жылдан астам жетекшілік еткен, аты әжептәуір мәшһүр режиссер Ерсайын Тәпеновтің басқару стиліне, суреткерлік қарымының бірқалыптылығына, ұжымға жаңа леп, соны үрдіс, өзгеше режиссерлік қалып әкелудегі енжарлығына қарсы шығып, көтеріліс жасады десе де болады. Ал, Тәпенов мырза ұжым мүшелерінің шығармашылдық аштықтан туындаған талап-тілектерін түсінгісі келмей тәрк етіп, шамшылдық мінезіне салып, өзі арыз жазып, театрдын кетуге мәжбүр болған. Қазір ол театр бас режиссерсіз-ақ қалыпты өмір сүріп жатыр. Еліміздегі барлық театрларда директор мен көркемдік жетекшінің билікке таласуынан шығармашылық ұжым үлкен тоқырау мен зардап шегуде. Репертуар саяздығын диретро бас режиссердан, ал ол керісінше директордан көріп, бірінің кетуімен ғана тынатын текетірес ауа жайылуда. Мұндай жағдай Республикалық Қ.Қожамяров атындағы ұйғыр театрында да болғанынан хабардармыз. Бәлкім басқа театрларда да осы мәселе ушығып тұрғаны хақ, көбінің үндемей тыныш жатуы – ол театрдағы шығармашылдық ахуалдың жоғарғы деңгейде екендігінің көрінісі емес, керісінше «күл болмасаң, бұл бол» дейтін, немкеттілік, немесе қазақи момындықтан туындайтын «неғыламыз, бір мәнісі болар» деген есек дәме, я болмаса, «айттың не, айтпадың не – бәрібір оңып жатқан дүние жоқ» дейтін пессимистік пиғыл жайлағанын неге жасырамыз? Театрлардағы мүлгіген тыныштықтан қорқу керек, тіпті содан сақтанған дұрыс шығар, үйткені сілтідей тыныштық тек қабірстанға жарасқан. Ал нағыз, ізденгіш шығармашыл ұжым шулап, дуылдап, биіктеп, аспандап, арғы-бергі фестивальдар мен бәйге-жарыстарға қосылып, шапқылап жатуға керек-ті. Қайсыбір қазақстандық театрдың алыс-жақын шетелдік жарыстарға қатысып,

жүлде алмаса да бұлдеге іліккенін көрдіңіздер? Тек 1999 жылдан екі жыл қатарынан М.Әуезов театрының Уфа қаласындағы «Туғанлық» фестивалінде бас жүлде алған «Қабыл – Адам Ата перзенті» қойылымын Шотландияның (Англия) Эдинбург фестиваліне үш мәртебе шақыруына сол кездегі мәдениет министрлігі нәйеті алты-жеті адамның Англияға баруына керекті жол қаражатын көтеріп, қолдап-қолпаштау былай тұрсын, ол оқиғаны құлағына да ілмеген болатын. Ол кезде ол театрда көркемдік жетекші деген лауазым болмаған, әр режиссер өз қойылымының ғана көркемдік жетекшісі ретінде жауап беріп, оған ешкім я басшылық, я ақылшылық етпеген-ді. Бүгіндері түк жоқ деп ауызды қу шөппен сүртпейік, бізде талантты режиссерлар, жүйрік актерлар, шүкір баршылық. Мысалы, Тараздағы Қуандық Қасымов, Астанадағы Нұрқанат Жақыпбаев, Алматыдағы Болат Атабаев, Қостанайдағы Ерсайын Төлеубаев, Ақтаудағы Гүлсина Мерғалиева, Оралдағы Томановтар жаңа қалыптағы, ерекше эстетикалық өлшемдегі суреткерлер, алайда олардың бәрі де көркемдік жетекші басқаратын театрлардан азар да безер болғандар. Назар салып қарасақ, көбіне көркемдік жетекші, немесе бас режиссер басқаратын театрларда басқаша ойлайтын, немесе жаңа келген жас режиссердің үні шықпайды, табаны тұрақтамайды, амалсыздан өздері бір театрға бастық болып барып, ойларындағы өзге пайымды қойылымдарын жүзеге асырғысы келіп тұратыны жасырын емес. Ал құзырлы мекеменің оларға сеніп, бас режиссердің тізгіні берілгенше шығармашылығы шау тартып, үміті жіңішкеріп, қажыры қартайып қалатыны аян ғой. Шынтуайтына келгенде, режиссер режиссерға бастық болып, қойылымды олай емес, былай қою керек деп, өз ойы мен талғамын таңу - қай жағынан алсақ та, ақылға сыймайтын нәрсе. Суреткерлік деген оқшау әлем, оған өзгенің араласуы әдепсіздік, әрі кеткенде әпербақандық қой. Театр сияқты шығармашылық ұжымды, нәзік мекемені басқару - өресі биік, амбициядан ада тұлғаға ғана жарасады. Режиссер болса, тек қана жеке суреткер ретінде бағаланып, реті келсе оған басшылықтың тізгінін бермеген абзал. Ол тек өз қойылымының ғана «бастығы» болғаны жөн. Төңірегіне өзімен мұраттас актерлармен бірігіп, қауымдасып, шынайы шығармашылық жұмыспен айналысуы үшін осы жүйе дұрыс. Сонда тек өрелі спектакль қоюмен ғана айналысатын режиссердің басқамен шаруасы болмай, тек қойылымының көркемдік сапасын ғана ойлайтын болады. Сондықтан, нарықтық қатынастарға көшудің тиімді жолдарының бірі – осы мәселені түбегейлі қайта қарап, театр өнерінің нарықтық қатынастар мен заманауи талаптарға, әлемдік өре-қарымға сай болатындай, қойылымдардың нарқын биіктететін мүмкіндіктер тудыра алатын **жаңа қазақстандық ЕРЕЖЕСІН** жасауды көздейтін **Театр туралы Заң қабылдауды** тездету.

Батыс елдеріндегі үрдісте, ондай басқарушыны **Интендант** деп атайды, бізше **Театр Төрағасы** десе дұрыс болатын сияқты. Басқа қосарланатын басшылық болмауы керек. Режиссерлыққа «бас» деген тіркесті қосақтағаннан ол режиссердің таланты тасып кетпейді, талант пен суреткерлік қарым - я бар, я жоқ, ол болмаса, жай әншейін қанатсыз маман, шанаға жегілген жабы тектес ортақол орындаушы ғана. Ал, жүйріктің аты жүйрік емес пе, оған алтын алқа, немесе қарапайым кендір жүген сал, шабандоз бала әккі ме, жоқ па бәрібір, ол ат бәйгеден бірінші келеді. Сондықтан бас емес, театрда жүйрік режиссердің жұмысы құнды, бағалы.

Сондықтан жалпы басшылықты режиссердан басқа кез-келген суреткер тұлғаға тапсырған ақыл. Ол актер бола ма, драматург бола ма, әлде мәдениеттанушы ойшыл ма, бәрібір.

Театрдың **Төрағасы** мемлекеттік құзырлы мекемемен шартқа отырып, ұжым өмірінің барлық саласына жауап беретін бірден-бір тұлға болуы тиіс. Сонда театрда басқаруға таласушылық, өкпе-наз, арыз жазушылық, шығармашылдық аштық, әділетсіздік сияқты осы күнге дейін орын алып келе жатқан келеңсіздіктердің жойылуы бек мүмкін. Мемлекетпен келісім-шартқа отыратын Театр Төрағасына ауқымды түрдегі басқару мүмкіндігін берген жөн, сонда одан мемлекеттік сұраныс пен талап та жоғары болады.

Сонымен бірге, ең маңыздысы – театр режиссерларын әлеуметтік жағынан қорғау керек, яғни авторлармен жұмыс жасауда, тақырып таңдауда, көркемдік өресі өзге, әрі ерекше спектакль қоюда шығармашылық еркіндігінен айырмай, өзінің қойылымының **авторы** ретінде бағалап, тиісті жалақысынан бөлек **гонорар төлеуді** заңдастырған абзал. Сонда оның шығармашылдық құқығы қорғалып, суреткерлік ынтасы ұлғая түседі. Бір театрда кем дегенде 3-4 тең құқылы режиссер контрактімен жұмыс істеуі тиіс. Олар бір-бірімен шығармашылық бәйгеге түскендей әсерде болып, қайткенде де жоғарғы деңгейдегі қойылым қоюға тырысатыны белгілі. Театрдың актерлық труппасы да осы режиссерлардың ниеттес, мұраттас, бір мақсат пен талғам биігіндегі актерларынан тұратын болады. Ұжым балластан арылады, бос селтеңбайлық, орынсыз міндетсіну де сап тиылады. Бұл талаптарға сай келе алмайтын актерлар, амал жоқ басқа театрдан орын, не өзіне теңдес, өнер жасауда ұғыныса алатын режиссер іздегені абзал. Ал театрдың аға актерлары үшін Төраға арнайы қаражат іздеп, олар үшін пьеса жаздырып, режиссер таңдап, шығармашылық қажеттіліктерін өтеп тұруды назарында ұстағаны жөн.

Суреткерлік хұқығы аз, өзінің таңдау еркіндігі жоқ, автор мен режиссерға тәуелді мамандықтың иесі **актерларға** деген көзқарасты да түбегейлі өзгерткен жөн. Бүгінде актерға бәрі қожа, есік көзіндегі вахтердан бастап, етектегі есепші, құзіреттегі режиссер, оның көмекшісі, труппа бастығы, өрт сөндіруші, тігінші, етікшіден төбедегі дөкей бастыққа дейін актерға қожандап, қол шошайтатыны жасырын емес. Ал театрдың негізгі еңбекқоры, режиссердің ой-қиялының дұрысы мен бұрысының орындаушысы, оның көрермен алдындағы ұяткері мен жауапкері – бәрі-бәрі Актер! Яғни театрдың негізі АКТЕР! Сөйткен азапкер актер айына отыз роль ойнаса да алатыны бір жалақы. Он емес-ау, анда-санда бір-екі рольді зорға орындайтын маңғаз актердың да алатыны сол бір жалақы. Әділет қайда сонда, еңбегіңе қарай көретін зейнетің қайда? Сондықтан актерларға еңбекақы төлеу үрдісін түбегейлі өзгерту керек, орысша айтқанда стимул болу керек, яғни жалақы мөлшері еңбегіне, оның сапасы мен психологиялық салмағына сай бағаланып тағайындалуын заңдастыруды қашан қолға аламыз? Яғни қойылымның көркемдік жүгін көтеріп тұратын басты немесе негізгі роль атқардың ба, оның орындаушы авторы ретінде тиісті гонорар, немесе сол қызметіңе лайықты жалақы ал. Кішігірім эпизодтық рольдерге жегілдің бе, театрдың ағымдағы репертуарының көбінен боссың ба, онда тұрақты белгіленген еңбекақыға риза бол. Бұл жерде кезінде, ертеректе жасаған еңбегіңіз үшін берілген атақ-даңқтың буын ортаға салудың жөні жоқ. Қазіргі еңбегіңіздің сапасы мен нарқы қандай? Айына отыз роль ойнайтын, театрдың негізгі шығармашылық жүгін көтеріп жүрген жас актердың жазығы қайсы? Яғни театрдағы жалақы төлеудің ит жылғы ескі түрі, бәрін бірдей теңгермешілдікке таңған атамзаманғы әділетсіздіктің тамырына балта шабатын уақыт әлдеқашан жетті! Бұл мәселе де қайта карауды күткеніне сан жылдар өтті. Еңбекақы мен оны тағайындайтын тиісті министрліктердің бұл мәселеге келгенде құлағы бітелгеніне жарты ғасыр болып қалды, алайда солардың есігінің алдында отыратын хатшы қызы халық сыйлайтын сүйікті актердан он есе артық айлығы бар екеніне мен еш шүбә келтірмеймін.

Мәдениет Министрлігі театр туралы жасайтын қаулы-қарарларын, оң өзгерістерін қайраткерлер одағының ұсыныс-тілектеріне сүйеніп жасаймыз дегенді әжептәуір әңгіме қылғанын құлағымызбен естідік. Облыстық Болмаса, кезінде Мәртебелі Президентіміздің жеке өз ұйғарымымен Одаққа тегін берілген Желтоқсан көшесіндегі көп қабатты көрікті ғимарат «күн-фаякүн» боп қолды болар ма, тәп-тәуір тірлік жасап, еліміздегі барлық дерлік театрлардың киім-кешегін, жасау-жабдығын пішіндеп-тігіп, оқа-түйме тағып,

түгендеп отырған кішігірім тігін фабрикасы ізім-қайым құрдымға кетер ме, біздер бірін біліп, бірін білмейтін нешеме меншіктер, гараждар, көліктер, жер телімдері, егемен болып бөлініп, бәріне еге мәскеудегі «үлкен үйден» енші аларда ешнәрсемізге де ие бола алмай, ортақ меншікте болған қыруар үлесіміз түгелімен, іздеушісіз Ресейде қалып қойған демалыс орындары, сауықтыру мекемелері, қойшы әйтеуір тағы басқалардан, қасқа маңдайдайын қағылып, аузымыз кепердей аңқиып, мақау аңқаулығымыздан маңқиып, әлде миякі ақмақтығымыздан тәңкиіп, азын-аулақ «байлығымыздан» баз кешіп, бірді-екілі барымыздан айрылып қалармыз ба? Одан беріде Жібек жолы көшесінің бойынан бұйырған бұзылған моншаны паналаған Одақ, бес-он жылдай бұйығы өмір кешкен екен. Одақтың Төрағалығынан кеткісі келмей кердеңін аямаған ағамызды «әкелеп-көкелеп, зорға ауыстырғанда», орнына қай ауылдың егініне түскені есіне кірмеген, елпеңі есепті, ертеңіне епті бала Еркін Жуасбек «сайланып», жайланғанша, есін жиып есінегенше де бес-алты жылдың қоңыр күзі мен қаһарлы қысы өтті. Бұл түп-тура енді іздеудің, түгендеудің жөні жоқ дейтін заңнама-кодекстердің баптарына тап келіп, өнбейтін даудың өңін өзгертіп үлгеруіне қажетті мерзім-ді. Еркін бауырымыз есептесер уақыттың кеп қалғаны еске түсе сала есін тез жиып, есепке жүйрік есіктес фирма «Казинторг» серіктесінің астары мол «ақылымен», «пешат басып, қол қойып», мұралы моншадан модалы ғимаратқа айналып қалған әжептәуір шаңырақты шаш-етектен пайдаға батыратын зәулім сарай салмақ ниеттерімен тас-талқан етіп бұзады, тулақтай да болса меншігінде болған жер телімін серіктесіне «сатады», «ал, давай, бастадық!» деген аттанның қиқуына тап болған ғимаратты, жылан бауыр экскаватордың күрек тісі қирата қопарып бола салысымен дағдарыс деген тап келіп, бұрынғы қаупайлап отырған шаңырақтың орнында енді үңірейген ор қалады. Сонымен бәрі бітеді, «Жарық астау алдындағы» Одақ далада, серіктесі сағада қалады. Әлбетте, «Казинторгтің» есебі түгел ғой, запастағы қора-жайына жайғасып алып, аңысын аңдығандай, екі жыл бойы құрғақ уәде мен сылдыр сөзге семіртумен келеді. Бастарында не ойы барын бір Алла біледі, әйтеуір Одаққа жаны ашып жарылқағысы келетін көңілшектігі көзге онша көрінбейді-дүр. Басымыздағы «бағымыз» деп алқалаған мәскеушіл ағамыз сол одақты алаңдамай, ауыспай қырық жылдан астам «басқарып», артына соқпағы нәкүмән із, астары бейпіл сөз қалдырған Әзекең болғанда, әлгі айтқандарымыз сор емей немене?! Соңынан қалған біздерге осылардың қайсысы қымбат, қайсысы өкініш – қайсыбір ісіне қабырғамыз қайысар, қай бір қымбат қылығы бөркімізді аспанға атыртар?! Өзінің жеке ғимараты жоқ, бұрындары меншігінде болған барлық дүние-мүлкі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп ысырап болған, бюджеттен бір тиынға да

қаржыландырылмайтын мемлекеттік емес мекеменің, бүгінде баспанасыз далада қалған Қазақстан театр Қайраткерлері одағының көрген күні қараң. Соған қарамастан, басқаға қол созып сұрамшақтанып, байлардың есігін күзетіп жүріп, «Театр.kz» журналын, тумысында тұңғыш рет көрген театр сценографтарының көрмесін ұйымдастырып, каталог шығарып, тағы да тұңғыш рет жыл сайын, көктемде 27 наурызда – Халықаралық Театр күні берілетін республикалық «Еңлікгүл» атты театр өнерінің кәсіби сыйлығын тағайындадық. Телефондық байланыстарымызға қаражат таппай қиналсақ та, орталық офисі Парижге орналасқан, мүшелігіне 100 – ден аса мемлекеттер кіретін **І.Т.І** – мен (Халықаралық Театр Институты), кеше ғана Қытайдың Чунцин қаласында құрылтайы өткен **А.Т.А** - ға (Азия Театрларының Альянсы) Қазақстанның абыройы үшін толық мүше болуға ниет қылып, байланыс жасадық. Қазақстандай қарқара елімізге, елдің маңдайына біткен, есімі әлемге әйгілі Елбасымызға сүйеніп, Халықаралық Азия театрларының алғашқы фестивалін әсем елордамыз Астанада өткізейік деп те сол жерде айтып қалдық. Өйтсе де екіұдайдамыз, өйткені Мәскеудегі ТМД елдерінің Театр одақтарының Халықаралық Конфедерациясына жетім мүше екеніміз елдің көбіне аян, алайда жылына бір рет төленетін 700 евро жарнаны төлей алмай, жерге қараймыз. Жоғарыдағы екі бірдей еңселі халықаралық Театр қауымдастығының есіктерін кеудеміз көтеріле аттай алар ма екенбіз деп, есіміз кетіп, есеңгіреп жүргеніміз жасырын емес. Өйткені өзге елдің есінде болғанмен өз еліміздің тиісті мекемесінің есебінде жоқпыз. Бір білеріміз, Ресейдің Театр қайраткерлері одағының Төрағасы А.Калягиннің қабылдауында болу, В.Путиннің алдын көруден қиын. Сол Ресей елінің театрларымыздың жай-күйін жақсарту мақсатымен біз сөйлескен әкімдердің барлығы да дерлік бұрындары ҚР Мәдениет және Өлеуметтік қорғау, еңбек министрліктерімен ұсыныс-хат алмасылып, «ақылдасылып» жасалып қойған қасаң қаулы-шешімдерді сол министрліктердің құзырлы құжаттары арқылы жасаймыз, енді оны өзгерте алмаймыз деп бас шайқайды. Ресей театрлары болса, қойылымға керекті оқа-түймелерді сатып алуға міндеттелген мемлекеттік тапсырыс деген тасбауыр финансистердің шығарған ойсыз қаулысынан, өздерінің театр қайраткерлері одағының табандап қойған талап-тілектеріне оң құлақтарын қойғаннан құтылды деп естідік. Ал, біз әлі күнге балет бишілерін 63 – ке дейін көн біткен тізесін сыздата сырқыратқанға мәзбіз. Айтсақ сөзіміз өтпейді, ұсынсақ қолымыз жетпейді. Парламентке барған, айтады-ау деп үкілеген өнерпаздарымыз ертесінде-ақ үні шықпайтын мұңсыз майрампаз боп шыға келетіні өкінішті. Төл министрлігіміз андасанда өткізіп тұратын коллегия-жиылыстардың біріне де Театр Қайраткерлер одағы шақырылмайтыны, тіпті қаперінде болмайтыны өкінішті; облыс

орталықтарындағы театрлардың әлеуметтік Һәм шығармашылдық хал-жағдайынан әжептәуір хабары бар, олардың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін, өре-қарымын білетін бірден бір қоғамдық ұйымның жанашыр даусының құлаққа ілінбейтіні өкінішті; шалалау өтетін жыл сайынғы театр фестивалін бірігіп қолға алайық, әр аймақтардағы театрлардың басын қосып, форумдар өткізіп, мастер-кластар жасайық; актер, режиссер, суретші, жарықшы, тіпті жас драматургтерді жинап алып, алыс-жақын елдердегі сол өнердің озық үлгілерімен сусындататын, үйренетін әрекеттер жасайық деген ықыласты талпынысымыздың да еске алынып еленбейтіні өкінішті; сол арқылы сахналық қойылымдарымыздың көркемдік өресін көтеруге мұрындық болсақ деген ізгі бастамаларымыз бен ниеттерімізге қолдау сұраған қаншама өтініш, хат-хабарларымыз ұшты-күйлі жауапсыз, немесе «бұл жылдыққа қаражат қарастырылмаған» деген салқын сөзбен шектеліп, шеттетіліп қала беретіні өкінішті.